



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,  
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің  
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical  
conference of students  
MATERIALS**

**Астана, 2023**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV  
FACULTY OF PHILOLOGY  
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»  
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical conference of students  
MATERIALS**

**Астана қаласы, 2023**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**  
**С37**

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

**Редакция алқасын басқарған:** Бейсенбай А.Б.  
**Редакция алқасы:** Маликов Қ.Т.  
Саркенова Қ.Қ.  
Өмірбекова Ж.Қ.

**С37**

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

**ISBN 978-601-337-820-6**

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

**ISBN 978-601-337-820-6**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022  
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

де түсіріп тұрады» дейтін нақылы ойға оралады [4]. Яғни, сөздің дәрежелік мәнде қолданылуы мен сыпайылық нормасының сақталуы тыңдарманға өзгеше әсерін қалдыра алады. Алайда, сыпайылық дегенге сүйеніп алып, көрінген жерге мақал-мәтелді қыстыра салуда көзге шыққан сүйелдей ыңғайсыз әсер қалдырады. Сөз жоқ, терең философиялық мәні бар ой түйіндер мақал-мәтел халқымызбен ғасырлар бойы бірге келе жатыр. Дегенмен, қандай қанатты сөз, тәрбиелі мақал-мәтел болса да өз орынымен жұмсалса сөздің көркін аша түспек. Біржақты көзқараспен «осы жарап қаларға» салып, әзірленген материал жалпы жұртшылыққа бірдей жақсы әсер қалдыра бермейді. Абай атамның сөзімен айтқанда қай кезде де «Әдептен озбайық!»

Мен жалпы тек филолог мамандарға емес, қазіргі тілмен айтқанда IT саласының мамандарына бір ұсыныс айтқым келеді. Тек журналистерге ғана емес, тіл мамандарына да көмегі зор болатын мобильді қосымша жасау қажет. Мысалға «Сөзтүзер» еңбегі бар, дегенмен қазіргі жастар қызығатын белгілі бір сөзді белгілеп, қосымшадағы «сөзді дұрыс контекстте қолдану» қызметі бойынша кез келген адам берілген мәтінді жазып тексертіп алуына болады. Төменде қандай қате болғандығын, стильдік емес және стильдік қателердің ара жігін ажыратып көрсетіп, дұрыс үлгісі ұсынылса, жасалған мобильдік қосымшаның сапасы артады, әрі қазақ тілі цифрландырылып, мәртебесі жоғарылайды.

«Тоқ етерін айтқанда, тележурналистер материалдың мазмұнымен ғана емес, сөз өнерімен де көпшіліктің тәрбиешісі екенін естен шығармағандары жөн. Білім беру бағытындағы өз міндетімізді де еске сала отырып, әрбір телекөрсетілімнен ана тілін сыйлауға, кадрлеуге, сүйеге көрермендердің ынтасын арттыратын, мәдениетті сөйлеу қабілетін дамытуға үлкен септігін тигізетін хабарлардың көбірек берілуін тілейміз» [1;133] Осылайша ғалымның сөзін өзгеріссіз алуыма бір арнада қиылысқан екі түрлі ойдың көрінісі себеп болды. Елімізді жаңартуды тілімізден бастағанымыз жөн. Яғни, мәңгілік ел болу үшін тіл, дін, салт-дәстүр берік болуы керек десек, қазіргі таңда тілдің бір тұсы ақсаңдап тұрғанын ғылыми деректермен барынша дәлелдеуге тырыстым. Қандай сала болмасын шикілік пен асығыстықтан өнімді нәтиже көре алмасымызға тағы бір көз жеткіздім.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Серғалиев М. Тілім менің – тiнiм менiң. – Алматы: Сардар, 2013. – 392 б.
2. Серғалиев М.С. Стилистика негiздерi: Оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 273 б.
3. Орысша-қазақша түсiндiрме сөздік: Лингвистика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007.
4. Мүсiрепов Ғ. Суреткер парызы. – Алматы, 1970. – 441 б.

### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР (тарихи негіздегі фильмдер)**

**Д.Н. Хасенова**

*dikhasenova@mail.ru*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Филология факультеті*

*Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті*

*Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекші: Өмірбекова Ж.Қ.*

*Аңдатпа. Бұл мақала тәуелсіздік тұсындағы тарихи тақырыпқа түсірілген ұлттық фильмдердің тілдік ерекшеліктерін талдауға арналған. Кино зерттеушілерінің,*

режиссерлердің, ғалымдардың ізденістері қарастырылған. Тарихи фильмдердегі салт-дәстүр мен рухани көріністер, фильмдегі әсерлеуші құралдар, лексикалық қабатқа зерттеу жүргізілген.

**Тірек сөздер:** кинематография, кино, тарихи тақырып, тілдік ерекшелік, сөйлеу әдебі, лексикалық қабат, салт-дәстүр.

**Аннотация.** Данная статья посвящена на языковых особенностей национальных фильмов на историческую тематику во время независимости. Учитаны исследования киноведов, режиссеров, ученых. Рассматривается обряды и духовные сцены в исторических фильмах, изобразительные средства в кино, лексический пласт.

**Ключевые слова:** кинематограф, кино, историческая тема, языковая особенность, манера речи, лексический пласт, традиции.

**Abstract.** This article is devoted to the linguistic features of national films on historical themes during independence. The studies of film critics, directors, and scientists are taken into account. Rites and spiritual scenes in historical films, visual means in cinema, lexical layer are considered.

**Keywords.** cinematography, cinema, historical theme, language peculiarity, manner of speech, lexical layer, traditions.

Әр елдің тарихында кино өнерінің қалыптасуы белгілі бір сатылардан өтеді. Ұлттық кино халықтың даму тарихымен тығыз байланысты. Өнертанушы Қ. И. Әлімбаева: «Тарих – халық – кино үшеуі бөлінбес біртұтастық» дейді. Тарихтың кинотуындыға айналуы — кез келген ұлттың тарихы үшін үлкен жетістік. Кинематография - сол тарихты ұрпаққа дәріптеудің негізгі көзіне айналып отыр.

Тарихи фильмдердің ауқымы жөнінде кинотанушылар мынандай деректер келтіреді: «Тарихи дерек пен күнделікті өмір шындығының көркемдік тұрғыдан сипатталу мүмкіндіктері – алғашқы жылдардағы көркемсуретті фильмдерде жаңа идея, революция кейіпкері немесе халық қалаулысы болған тарихи есімдер өмірінен алынған биографиялық деректердің экрандық шешімі жалпы кеңес киносы аумағында шамамен бір схемада өрбітілді» [1].

Қазақ кино жанрының зерттелуі қазақ киносының тарихшысы, драматург Қ. Сирановтың ғылыми зерттеу еңбектерінен басталады. Автор: «Ұлттық киноның теориялық және шығармашылыққа байланысты келелі мәселелерін талдау барысында, біз, кино өнерін зерттеумен айналысып жүрген кинотанушылар, ең алдымен тарихтың қайдан, қашан, қалай бастау алғанынан толық хабардар болуымыз шарт. Сонда ғана қазақ киносына байланысты толыққанды теориялық бағыттағы ғылыми зерттеулер дүниеге келеді» [2, 14 б.], – деп тұжырымдайды.

Осыны негізге ала отырып, қазақ киноларын тілдік тұрғысынан зерттеу ісі – филология мамандарының еншісінде болмақ. Мағжан Жұмабаев: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» – деген екен. Тәуелсіздік тұсындағы тарихи фильмдердің тілдік ерекшелігі – сол заманнан, тарих беттерінен, тіл байлығынан хабар береді. Қай уақытта да қазақ жұртының құндылығына айналған тіл өзінің бастауын көне тарихтан алып отыр. Ұлттық фильмдердегі сюжеттің жақсы берілуі ғана емес, оның тілдік қабатының да орны ерекше. Ш. Нұрмышева «Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты» (2010) атты кандидаттық диссертациясында: «кино жанрларының көздеген мақсаты мен тілдік жеткізілуінің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтары оның коммуникативтік қызметін сипаттайды. Яғни прагматикалық әлеует – ақпараттың мазмұны мен оны жеткізудегі тілдік құралдарды таңдай білуге байланысты» [3], – дейді.

Қазіргі тарихи кинолардағы тілдік ерекшеліктерді зерттеу барысында Болат Қалымбетов «Сардар» (2003), Дамир Манабаев «Кек» (2006), Сергей Бодров, Талғат Теменов, Иван Пассер «Көшпенділер» (2009), Ақан Сатаев «Жаужүрек мың бала» (2012), Ақан Сатаев «Томирис» (2019), Рүстем Әбдірашов «Қазақ хандығы. Алтын тақ» (2019), Ақан Сатаев «Ұлы дала таңы» (2022), Айсұлтан Сейітов «Қаш» (2022) фильмдері негізге алынды.

Тарихи фильм түсірудің жауапкершілігі өзге көркем фильмдерге қарағанда жоғары. Тарихи кинофильмдер – қазақ жұртының салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарының көрінісі. Ұлттық киноның басты құндылығы ондағы көрсетілген жоралғылардың санымен ғана емес, бірінші кезекте, құнарлы тілімен, мәнерлі сөзімен, сөйлеу мәдениетімен, әртістердің ойын шеберлігімен өлшенсе керек-ті. «Сардар» фильмі мұндай көркемдік талаптарды қалт жібермеген. Болат Қалымбетовтың «Сардар» фильмінің тілдік ерекшелігі сөз қарабайлығынан, керісінше тіл байлығының молдығы болып отыр. Мысалы, «Жан керек болса жетекке де жүреді екенсің», «Балағында биті барлардың бәрі басқа қонды» немесе «Қасиетіңнен қасіретің қалыспайтын болды ғой», «Дұшпанымыздың дұшпаны бізге дос болмақ» деген секілді сөз тіркестерінің диалогта орын алуы құлақ құрышын қандырып, көрермен көңілін өзіне тарта түседі. Қазақ халқының өмір танымынан хабардар етіп тұратын бүгінде мақал-мәтелге айналған сөздерді диалогқа кірістіру де сөздік құрылымды бай ете түседі. Осы ретте «Сардар» фильмінде кездесетін «Ежелгі дұшпан ел болмас», «Тірі жауым тіреспекке» т.б секілді мақал-мәтелдерді атап кете аламыз. Сондай-ақ «Жаужүрек мың бала» фильмінде де мақал-мәтелдер легі жеткілікті: «Үйренген жау атыспаққа», «Қылша мойным қалша», «Ежелгі дұшпан ел болмас, етегің кесіп жер болмас», «Ел мақтаған жігітті – қыз жақтаған» т.б. Тарихи фильмдерде әсіресе хан-сұлтандардың, от тілді, орақ ауызды шешен-билердің сөздері жоғары деңгейде болуы шарт.

Қазақ киносы, әсіресе тарихи кинолар салт-дәстүр мен рухани құндылықтардан нәр алатыны белгілі. Дәстүр ұғымына сол уақыттағы әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат, мәдени мұра элементтері қатар кіреді. Тарихи кинолар халық тұрмысы, тарихи-дәстүрлер, ұлттық әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғылар арқылы ұрпақты тәрбиелеу принциптеріне ие. Мысалы: «Томирис» фильмінен түс көру мотиві, көк тәңірге табыну, от культі (от иесі ұрады, аруақ атады) сынды түркі халықтарына ортақ танымды байқаймыз. Сол сияқты «Көшпенділер» фильмінде жаратушыға жалбарыну: Ораз Жаратушыға: «О, Жаратушы ием, сен қашан менің еліме, қазаққа қамқор болатын, жауға қарсы тұра алатын жаужүрек батыр жібересің» деп жалбарынады. Жақында шыққан Айсұлтан Сейітовтің «Қаш» фильмі тарихи оқиға ашаршылық тақырыбында түсірілген. Бұл фильмнен де мифологиялық образдарды байқауға болады. Тепе – Сарқандқа жолға шыққан Исатай мен Әлімге жолай кездескен кейіпкер. Тепені белгілі мифологиялық кейіпкер Көнаяққа ұқсатуға болады. Қазақ аңыз-әңгімелерінде Көнаяқтың адам аяғы баспайтын жерлерде өмір сүріп, жолаушы күтіп жататыны айтылады. Ол кездескен жолаушыға жол көрсетуге уәде беріп, сеніміне кіріп алған соң, мойнына мініп, жолаушыны әбден шаршатып, құлағанша түспейді. Көнаяқтың демонологиялық ерекшелігі – оның адамды буындырып өлтіру тәсілінде. Бұл ерекшелік Исатай мен Әлімге кездескен Тепеде де бар. Ол қарақшыны қылқындырып өлтіреді де, Исатайды інісін бауыздап емес, буындырып өлтіруге шақырады. Шел басқан көзінен, шаңқобызда ойнауы мен шаршаудың не екенін білмеуінен Тепенің жай адам емес екенін көруге болады. Исатайдың «Сен бұл аймақты қайдан білесің?» деген сұрағына Тепенің «Туған жерде адасып не көрініпті?» деп мысқылдай жауап беруі де ол қыр мен жотаны мекен еткен Көнаяқтың бір түрі болуы мүмкін деген болжамға жетелейді. Ал Тепенің Көнаяқ сияқты жолаушыға жақын болуы оның «Жолдасын тастаған жолдан қалар» деген сөзді бірнеше рет қайталап айтуынан көрінеді. Осы орайда көне түрік мифологиясынан тағы бір Төбегөз атты кейіпкерді айта кеткен жөн. Төбегөз – жалғыз ғана көзі бар циклоп. Жоғарыда аталғандай, фильмде де Тепенің бір көзін шел басқан. Көне түрік мифологиясында Төбегөзді жеңудің бір-ақ жолы бар. Ол үшін көзіне қанжар сұғу қажет. Төбегөзді жеңу – жас батырдың инициациядан өтіп, жаңа деңгейге өткені. Әлімнің де Тепенің көзіне пышақ сұғуы осы инициацияны білдіреді.

Тағы бір назар аударатын жәйт, фильмдегі лексикалық қабат. Тарихи кинофильмдердегі лексикалық қабат: актив, пассив сөздер, архаизмдер, тарихи сөздерден тұрады. Сонымен қатар, сол уақытқа сай өзге тілдің сөздерін де қолдану басым. Ол сөздердің көбі жоңғар, араб, парсы, орыс тілінен енген. Тарихи фильмдер лексикалық қабатқа ерекше мән беруді талап етеді. Себебі актив сөздер ғана емес, архаизмдер мен тарихи сөздердің ұтымды пайдаланылуы қажет. Біріншіден, фильм тілі көркем, тыңдар құлаққа жағымды болса, екіншіден қолданыстан шығып бара жатқан, бірақ төл тарихымызбен мәні біте қайнасқан сөздерді дәріптеу мүмкіндігі тек тарихи фильмдерде деп білеміз. Алайда тарихи фильмді түсірер шақта қамтыған кезеңдегі болған оқиғалар мен тұлғаларды ғана зерттемей, тұтынған тұрмыстық заттары, киімдері секілді дәуір тынысынан хабар беретіндіктен сол кезең адамдарының сөздік қолданысына да мән беру керек. Айталық, «жасақ», «қолбасы», «жүзбасы», «алдияр», «хан», «сұлтан», «тақсыр» т.б. сияқты сөздерді естігенде жоңғар шапқыншылығы немесе жаугершілік заман еске түссе, «рота», «командир», «солдат», «генерал» атаулары сөздерінің орнын баса алмайтыдығы секілді байырғы заманның сөздерінің қазіргі заманымызға дөп келе бермейтіндігі белгілі. Жеке заттық атаулардан бөлек сөз сөйлеу мәнеріндегі әр дәуірге тән ерекшеліктер фильм түсіру барысында ескерілетін болса, жоғарыда мысал келтіргеніміздей әр уақытта әр түрлі атауға ие болып отыратын ұғымдардың даму үрдісінің көрермен зердесінде қалатыны сөзсіз.

Тарихи фильмдер тарихи оқиға, көркем шығармалар негізінде түсірілетіні анық. Бұл жөнінде Қ.Сиранов «кез-келген фильмнің негізі-әдеби сценарий, сондықтан кино әдебиеттен басталады» [4], – дейді Ал Р.Нұрғали кино драматургиясы мен театр драматургиясын бір-бірімен тығыз байланысты жанрлар деп қарайды. Бірақ өмір құбылыстары мен шындық суреттері сәйкес келгенімен, диалогқа, монологқа қойылатын талаптарға келгенде кино композициясымен пьеса композициясының айырмашылығы көп деп есептейді [5]. Яғни тарихи шындықпен қатар фильмде әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар) міндетті түрде болады. Бұған дәлел ретінде, режиссер Рүстем Әбдірашов «Қазақ хандығы. Алтын тақ» фильмі жөнінде: «Фильмді түсіру барысында біз Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылышы» мен «Көшпенділерін» темірқазық етіп отырдық. Кейде эмоцияға барынша мән беріп, көркемдік тәсілдерге жүгіндік. Бірақ жоғарыда аталған екі тарихи романның желісінен көп ұзамадық» – деген пікір айтқан. Демек, фильмде әсерлеуші құралдардың қолданылуы – көркемдік бояуын асыра түседі.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде түсірілген тарихи кинолар – ұлттық көріністің негізі. Кино өнері қай уақытта да салт-дәстүрді, рухани құндылықты, наным-сенімдерді, мәдениетті, ұлттық сана-сезімді, ана тілімізді насихаттап келеді. Қазіргі жаһандану заманында қазақ кинематографиясы осы мәселелерге ерекше назар аударуы қажет. Себебі кино тіліндегі ерекшелік – жас ұрпаққа құндылық, асыл мұра түрінде жетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. "Қазақ киносының тарихы" (оқулық) ҚР Білім және ғылым министрлігі, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Б.Р.Нөгербек, Г.Қ.Наурызбекова, Н.Р. Мұқышева – Алматы: ИздатМаркет, 2005.
2. Сиранов К.. Казахское киноискусство, А.-А., 1958;
3. Нұрмышева Ш. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2010.
4. Сиранов Қ. Кино. Жылдар. Ойлар. – Алматы: Өнер, 1997.
5. Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы: Өнер, 1985.
6. <https://www.oner.kz/>